

происходит социальное наследование стиля общения и воспитания. Отсюда следует вывод, что родителей надо не только просвещать, но и обучать способам правильного общения с детьми, корректируя личностные качества родителей.

1. *Голод С.И. Стабильность семьи. – Л., 1984.*
2. *Петровский А.В. Дети и тактика семейного воспитания. – М., 1981.*
3. *Сатир В. Как строить себя и свою семью. – М., 1989.*
4. *Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. – М., 1999.*
5. *Чечет В.В. Педагогика семейного воспитания. – Минск, 1998.*

Түйін

Мақалада отбасындағы қарым-қатынас типтері мен отбасы тәрбиесінің стилі туралы айтылған.

Summary

The article is about types of family mutual relations and styles of family education.

ОТБАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Ф.Ф.Төлегенова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

Отбасы – күрделі қоғамдық құбылыс. Қазақ ұғымында отбасы - өмірдің тұтқасы, үй ішінде от жағылатын ошақтың төңірегі, оттың маңайына таратқан балқытар жылуы. Оттың басы, ошақтың қасы – ырыстың ұйытқысы. Сондықтан қазақ отының басын тіршіліктің тұтқасын санап аялайды, соның шырқы бұзылмауы үшін шара қолдануы - әр отбасы мүшелерінің адамдық борышы.

Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өйткені адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан кіреді, отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала сезіміне әсер етеді, күллі парасат, пайым отбасынан өрбиді деп ұғады. Сондықтан қазақ салтында отбасының тәлім – тәрбиесі ерекше дәстүр. Сол отбасының ұйытқысы - әке мен ана. Әке – Отбасының иесі, қорғаны, қамқоры, ал Ана – отты өшірмей, маздатып жағушы, жылылық иесі. Осы екі киеден қуат алған ұрпақ әрқашан еліне жақсылық сәулесін себетін, айбынды азаматқа айналады. Ата – ананың мұраты - өрендерінің жүрегіне ізгіліктің, салауаттың таза, мөлдір, тұнық, қалпымен дамуы.

Отбасы – үйелмендер ынтымағы мен берекесінің ұйыған орны, үлгі алар мекені. Сондықтан “Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер” деп пайымдайтын қазақ өмірлік ереженің жібін сабақтап, әрі қарай жалғастырып әкетуді – ұрпақтың борышы деп санаған. Ізгі мұрат - әкеге қарап ұлдың, шешеге қарап қыздың өсуімен ұштасып жатады. Сондықтан ең алдымен әке мен шешенің өздері ұрпақтарына өнеге болып саналады. Саналылық та, даналылық та, иманжүзділік те, адамгершілік те бала бойына Отбасының тәлімі арқылы дариды да, өзгермес қасиетке айналады. Сондай игі мақсатпен әр Отбасының мүшесі өз ұрпағының болашағы үшін қам жасайды, жеткіншектеріне жол нұсқайды, адамдық парасатты, пәк адалдықты үйретеді. Бұл қазақи өмір салтының заңы. Қазақ ұрпағын сақтаған осы жол, қазақ баласы осы қағидамен тәрбие көрсе, бақытқа кенелері хақ.

“Отбасы- Адам баласының өсіп - өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі” дей келіп, профессор К.Оразбекова “ Отбасы дегеніміз- туысқандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, балалары,әжесі,атасы т.б) бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар” деп отбасына анықтама берген [1]. Профессор Ә.Табылдыев “ Отбасы үйелмендердің жанұялық бірлігі”десе [2], ғалым-психолог Қ.Жарықбаев “Отбасы- семья, жанұя, үйелмен сөздерінің синонимі” десе [3], ал әлеуметтанушылар “Отбасы-неке қандас туыстыққа негізделген шағын топ, мүшелері қоғамдық тұрмыста, өзара моральдық жауапкершілікте, өзара көмекте бір –бірімен байланысы: күйеуі мен әйелінің арасындағы, ата анасы мен балалардың арасындағы қарым - қатынас” деп түсіндіреді.

Қазаққа отбасы – тек ошақ қасы ғана емес, ол ең алдымен Отанның ошағы. Отан, отбасы деген сөздердің түбірі – от деген киелі ұғымнан бастау алған. Яғни от пен ошақ және Отан бір-бірімен

ажырағысыз ұғымдар. От бар жерде өмір бар. Өмір болған соң отбасы құрылады. Мың, миллиондаған отбасы Отан деген ұғымды құрайды. Отаның болу үшін – жерің, үйің, елің, мемлекетің, дінің, тілің болуы шарт. Сонымен мемлекет отбасынан құрылса, отбасы туыс адамдардан құрылады.

Қазір дүниежүзі отбасы құндылықтарына қайта мән бере бастады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Халықаралық отбасы күнін белгіледі.

Отбасы – Отанның ошағы. Отбасында тәрбие ұлттық сипатта жүрсе, кез келген отбасының берекесі кіреді, отбасы мүшелері бақытты өмір сүреді. Сондықтан Отбасын сақтау, қорғау, қастерлеу әр отбасы мүшесінің қасиетті борышы болу керек.

Отбасы – адам баласының дүниеге келгенінде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ержететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Адамзат ұрпағына отбасына аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата – ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды.

Отбасы мүшелерінің адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділікке негізделген қарым – қатынасының бала тәрбиесіне ықпалы зор. Алайда үлкендердің мінез- құлқы мен іс - әрекеті сыйлауға тұратындай, жасөспірімдерге үлгі көрсететіндей болуы абзал. Сондай-ақ, отбасы тәрбиесінің тағы бір артықшылығы үйдегі адамдардың жас шамасы әртүрлі болсада, бір-бірімен рухан жақындығы, мақсат ынтымақтастығында деп айтуға болады.

Қазақ ата дәстүрінің бірі - дүниеге келген балаға бүкіл ауыл, тума – туыстар болып көңіл бөлу. Азан шақырып, атын қойғаннан бастап, ержетіп отау тіккенге дейін, ауылда бала өмірінің әрбір белесі мен асқан асуы туыстар тарапынан атаусыз, ескерусіз қалған емес. Бала өміріне байланысты отбасында болатын қуаныштардың болғанына қадірменді ақсақалдары мен игі жақсылары балаға деген жақсы тілегін айтып, ақ батасын беріп, үй иелерінің қуанышын бөліскен. Сонымен қатар бала тәрбиесі бұрынғы қазақ ауылында бірғана үй адамдарының тілек – талабы мен мүдделерінің деңгейінен асып – түсіп, қоғамдық, әлеуметтік сипатқа ие болып отырған. Қазақ отбасы тәрбиесінің осы жақсы үрдісін бұл күнде қайта жандандыруымыз қажеттігі қазір әлеуметтік – педагогикалық проблема.

Отбасында өз ұрпағының тәрбиесі - ерлі- зайыптыларға, ата - әжелерге ортақ іс, жауапты міндет қойып отыр. Бала тәрбиесіндегі әйел- ананың орны ерекше. Өйткені ана тілі, ұлттық ерекшелік, адамға жақсы атаулы ана сүтімен сіңеді. Сондықтан әйел болмысының өзгеруінің әлеуметтік себептерінің алдын – алып, оны әуел бастағы табиғат алдындағы ұлы міндеті – бесігінен ажырамауына қамқорлық жасау. Баланы кішкене кезінен анасының сүтін өтеуге баулу, бүкіл қоғамда әйелге, анаға ерекше ілтипат қалыптастыру, оған қамқорлық жасау қажет. Сондай – ақ, бала тәрбиесіндегі әкенің жауапкершілігін, тәрбиелеу мүмкіндіктерін арттырудың да маңызы ерекше. Өйткені отағасы – шанырақтың қорғаны, асыраушысы, қамқоршысы, ақылшысы. Сондықтан қазақ әулетінің ер- азаматты бағалау, пір тұту дәстүрін одан әрі жалғастыру қажет.

Біздіңше, отбасы дегеніміз – үйелменде атасы мен әжесі, әкесі мен анасы, ағасы мен інісі, сіңісі мен әпкесі туыстық байланыста болатын, бірлесіп өмір сүретін адамдар жиынтығы. Отбасы – ұлттық және рухани дәстүрлер мен құндылықтарды үйрететін, бала бойына сіңіретін орын. Сондықтан отбасы - тәрбие бесігі. Отанға, елге деген борышымыз алғаш осы отбасынан басталады. Отбасында үлкендердің іс - әрекеттерін көріп өскен бала- соны қайталайды, әдетіне айналдырады. Осылайша баланың адамгершілігі мен тұлғасы қалыптасады. Сол себептен отбасы мүшелерінің бір - бірлерінің алдындағы адамгершілік міндеттерін, жауапкершіліктерін орындауларының маңызы өте зор. Отбасының бақыты мен ұлттың болашағы осыған көп байланысты.

Қазақ баланы өте жақсы көретін халық, сондықтан да баланы отбасының бақыты деп санап, қолдан келгенше әр отбасы оны жақсы тәрбиелеуге тырысқан. Сөйтіп, бала тәрбиелеуде әр отбасы тәрбие бесігі болды. Халықты өмір жолында қалыптасқан өте үлкен тәрбиелік мәні бар әдет ғұрыптардан туындаған салт – дәстүрлер тәрбие құралы болды. Заман кезеңдеріне сай әдет- ғұрыптың, салт- дәстүрдің озығы мен тозығы іріктеліп саралануының арқасында өмірге бірге қайнасқан салт- дәстүрлер қаншама құбылмалы заман өзгеріп жатса да, өз маңызын жоғалтпай тәлім- тәрбиенің пәрменді құралы болып келе жатқаны өмір шындығы. Бірақ та айта кету керек сол бала тәрбиелеуде ұлттық мұра арқылы қалыптасқан тәлім – тәрбиелік мәні бар пәрменді құралдан айырыла бастаған кезіміз де болды.

Кенес дәуірінде балаға тәлім – тәрбие беру жұмысында отбасының жауапкершілігі азды – көпті төмендеп, ол жұмыстар негізінен мектепке дейінгі балабақшаға, мектепке, мектептен тыс пионерлер үйіне, өлкетану, жас техник станцияларына, үй басқармаларының жанындағы клубтарға жүктелген болатын.

Сондықтан да, ата-аналар өз жауапкершіліктерін сол ұйымдарға аударып, тәлім – тәрбие жұмыстарына әсіресе ұлттық тұрғыдағы тәрбиеге айтарлықтай көңіл бөлмеді. Ал қазіргі кезде отбасында жүйелі тәрбие беру істері кеңінен қолға алынууда.

Отбасылық тәрбиенің маңызы туралы IX ғасырда өмір сүрген ұлы данышпан бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби : “Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол оның барлық өміріне апат әкеледі” - дейді [4]. Сондай-ақ, қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы: Біріншіден, бесік жырын айтатын келіншектердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тындап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр болама деп қорқамын. Ал, көрдің қолына балта берсең, шаба салады, найза берсең сұға салады, намыстанбай бұға салады. Мен табиғатынан, тағдырынан болған соқырлақтан жазылмасаң, халық болудан қаламыз ба деп қорқам” – деп ұрпақ болашағына алаңдайтынын білдіреді [5].

Ал ұлттық тәрбие дегеніміз не? Ол – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, ұлттық дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай ұлттық мінез – құлқын қалыптастыру. Сонымен, ата – аналардың басты мақсаты - дені сау, ұлттық сана – сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы зор, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Бүгін жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу - үлкен міндет екені даусыз, ұрпақ тәрбиесінде халықтық тәрбиенің бастауы – ұлтжандылыққа, елдікке, отансүйгіштікке баулудағы уыз тәрбие – қазақи, халықтық этнопедагогика екенін тәуелсіз елдің өткені де, бүгіні де дәлелдеп отыр.

Отбасындағы ата – ананың тәрбиелік тұлғасы - өтірік айтпау, алдамау, бейбастық әдет мінез көрсетпеу, сөзімен, ісімен жасы ықпал жасау, ұяжандылыққа, ұлтжандылыққа, имандылыққа, үлкенді сыйлауға т.б қасиеттердің жиынтығын көрсеткен жөн. Тәрбиенің бұл түрі ата – ананың балаға тәрбие берудегі әліппесі болу керек. Бала дүниеге келгеннен бастап, оның өміріндегі әр кезеңдерді тәрбиелік мәнінде атап өту. Баланың шілдеханасын, атын қою, сөйлегенін, жүргенін, (тұсау кесу), сүндетке отыруын, мектепке баруын т.б осы сияқты бала өміріндегі ерекше кезеңдерді ұлттық тұрғыда баланың өмір бойы есінде қалатындай етіп отбасында өткізу. Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінген жөн. Ал еңбек сабағы үй шаруасының жұмыстарынан басталу керек. Мүмкіндігінше баланың жынысына, жасына қарай үй шаруасының жұмысына көңіл бөлу, яғни баланы халқымыздың дәстүрлі шаруашылықтары - мал бағуға үйрету, егін салуға, жеміс – жидек өсіруге, әсіресе қолданбалы бейнелеу өнеріне кеңінен баулу қажет.

Баланы тегін білуге тәрбиелеу өте маңызды мәселе. Ол рушылдық емес, жеті атасын біліп, туған-туысқандар арасындағы қарым – қатынастың мәнін үйрету және генофондыны сақтау екенін айтқан жөн.

Қорыта айтқанда, отбасы - тәрбие бесігі болуы керек, яғни жақсы тәрбие ананың ақ сүтімен, әкенің асыл сөздері мен өнегелі істерімен берілуге тиіс. Еліміздің Ата Заңының 27-ші бабында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата – ананың табиғи құқығы әрі міндеті” - деп көрсетілген. Ата – бабаларымыз талай заманды бастан кешіріп, көрген білгендерін саралап, жақсы мен жаманды пайымдап, өмір сабақтарынан кемеңгерлікке оялар тоқып, ақыл, өсиет, мақал - мәтелдер кейінгі ұрпаққа әспеттеп жалықпай жинаумен қатар өздері де сол пайымда өмір сүрді. Осы асыл қазыналардың қайнар бұлағынан кәусәр суынан сусындаған адам ұрпақтары ғасырдан ғасырға жалғасып өсіп келеді. Міне, осы асыл қазыналардың арқасында ұлттық қалпымыз құралып, ата-салтымыз, әдет-ғұрпымыз қалыптасып, ұлттық тұлғамыз сомдалды. Осы өмір сабақтарының негізінде қалыптасқан бала тәрбиелеудің халықтық тағылымы дүниеге келді.

Түйіндей келе, балаға ата – анасының жүріс – тұрысы, өмір тіршілігі, туған туыстары, достарымен қарым-қатынастары көрнекі құрал болса, айтқан тәлім – тәрбиелік өсиетті сөздері, үйреткен өнегесі тәрбие оқулығының әліппесі болады деп есептейміз.

1. Оразбекова К.А. *Иман және инабат: Әдет және тұрмыс – салт психологиясы.* – Алматы, 1993
2. Табылдиев Ә. *Халық тағылымы.* – Алматы, 1991
3. Жарықбаев Қ. *Аталар сөзі- ақылдың көзі.* – Алматы, 1980
4. Әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар.* – Алматы: Ғылым, 1973
5. Момышұлы Б. *Екі томдық шығармалар жинағы.* – Алматы: Жазушы, 2004

Резюме

В статье рассматривается проблема семейного воспитания и пути его совершенствования.

Summary

The article is considered the condition of family education and its ways of development.